



# XAHWA

#1/2018



## МАЗМУНЫ

3 «2018 жылдың көктемгі – жазғы маусымындағы сән үлгілері» **Жанайым Қуандық**

4-5 «Студент миссиясы» **Аружан Дәрібай**

6 «Әлемдік сән саласында есімі аңызға айналған 3 сәнгер» **Гүлбарам Құрақ**

8-9 «Әйел – ер адамның көзімен» **Зерлен Еркінбек**

10-11 «Әжемнің алтын сандығынан...» **Аружан Әлкен**

12-13 «Отандық өнім сұранысты қанағаттандыра ала ма?» **Шынар Жұмасат**

14 «Хиджабтағы арулар» **Әсемгүл Қалилаева**

15 «Үнді аруларынан бір үзік сыр» **Акерке Берденбекқызы**

16-17 «Мерекелік кешке арналған көйлекті мүсініңізге қарай таңдаңыз» **Ақбота Темірғалиева**

18 «Бет күтіміне арналған пайдалы кеңестер» **Индира Жұмагелді**

19 «Сәнді жұлдыз жорамал» **Нұрайым Жанат**

## Құрметті оқырман!

*Сізге ұсынылып отырған журнал біздің 4 айлық еңбегіміздің жемісі. Баспасөздегі алғашқы шымылдығымызды ашқан «Ханша» журналы сән әлемінің ең маңызды жаңалықтарымен бөлісіп, «модадан» мол мағлұмат беріп, фэшнның «фишкасын» ұғындырады деген сенімдеміз. Бұл журнал фэшн журналистикасына қосқан үлесіміз. Ендеше, сән әлеміне бірге саяхаттайық!*

«ХАНША» редакциясы

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОП:

Бас редактор: **Аружан Дәрібай**

Корректорлар: **Жанайым Қуандық,**

**Акерке Берденбекқызы,**

**Аружан Дәрібай**

Веб-редакторлар: **Индира Жұмагелді,**

**Аружан Әлкен, Ақбота Темірғалиева**

PR-менеджерлер: **Әсемгүл Қалилаева,**

**Гүлбарам Құрақ, Шынар Жұмасат**

Координатор: **Нұрайым Жанат**

Техникалық редактор: **Зерлен Еркінбек**

Журнал «JSD.KZ» (Астана қ., Б.Момышұлы даңғ., 18 ВП-10) полиграфиясында басылды.  
Таралымы – 20 дана. Журнал семестріне бір рет шығады.  
Тапсырыс №1  
РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН -ЖАЙЫ: Астана қаласы, Янушкевич көшесі 6, 212 кабинет  
www.infotimes.kz  
fashion\_journalism@mail.ru

## Сәнді жұлдыз жорамал



**ТОҚТЫ** (21.03 – 20.04)  
Тоқтыларға назар аударарлық басты мәселе – аяқ киімді дұрыс таңдау. Жаңбырлы жаз айларында образ жасауды аяқ киімнен бастасаңыз, қателеспейсіз. Аяқ киімнің түсі сәмкемен және белдікпен түстес болса, қалаған киім үлгісін кисеніз болады.

**ТОРПАҚ** (21.04 – 20.05)  
Торпақтар сұлулыққа, қымбат заттармен сәнді әшекейлерге көп мән береді. Торпақтарға ашық, әрі қою түстерді таңдаған жөн. Ашық реңктер арқылы торпақтар өз мінезін білдіре алады. Алайда, бір образда 3-тен артық түс болмауын естен шығармау керек.

**ЕГІЗДЕР** (21.05 – 21.06)  
Егіздер үшін тұрақты сән үлгісі жоқ. Классика, модерн, ретро – аталған барлық сән үлгілері егіздердің құбылмалы көңіл-күйін ашып көрсетеді. Сондықтан, күнделікті образыңызды әрдайым өзгертіп, жаңа қырынан көрінуге тырысыңыз.

**ШАЯН** (22.06 – 22.07)  
Шаяндарға жиі тәжірибе жасап, жаңа киім үлгілерін байқап көрген жөн. Тек жаттап алатын басты ереже – міндетті түрде аксессуарлардың болуы. Дұрыс таңдалған аксессуар – сәтті құралған образдың 60%-ын құрайды.

**АРЫСТАН** (23.07 – 23.08)  
Арыстандардың әлсіздігі – алтын әшекейлер. Осы себепті, киім үлгісінде де артықшылықты сары, қызғылт-сары, сарғылт түске беру керек. Бұл кеңес тек киім және аксессуарларға таралады. Ал косметикаға келгенде, керісінше, күңгірт түстерді таңдаған жөн.

**БИКЕШ** (24.08-23.09)  
Бикештерде сәнге деген туа біткен талғам болады. Олар ішкі түйсігіне сеніп, жүрегі қалап тұрған киім/аксессуарды таңдаса – қателеспейді. Бикештер бүкіл назарды киімге аударып, косметиканы минималды түрде қолдану керек.

**ТАРАЗЫ** (24.09-23.10)  
Таразылар сәйкес келмейтін реңктерді қолданса да, қоршаған ортада бірінші орында болып, көпшіліктің назарында болғанды ұнатады. Осы әдіс арқылы олар өздерінің ерекшелігін сезінеді. Дегенмен, реңктерді бір-бірімен сәйкестендіріп, түстерді өзара алмастырғаны дұрыс.

**САРЫШАЯН** (24.10 – 22.11)  
Сарышаяндарға сәйкес келетін киім үлгісі – классика. Мереке, кеш, тіпті күнделікті өмірде классикалық киім үлгісін таңдасаңыз, өз ортаңызда ең сәнді болатыныңыз – сөзсіз. Сондықтан, карандаш пішіндес белдемше және тік жағалы жейде сіздің фавориттеріңізге айналуы керек.

**МЕРГЕН** (23.11 – 21.12)  
Нағыз сәнқой мергендер күнделікті тәжірибе жасағанды ұнатады. Дәл осы беттеріңізден қайтпай, өз сән үлгіңізді ары қарай жетілдіре беріңіз. Көздің назарын бірден аударатын ашық түстерден қашпағаныңыз жөн.

**ТАУЕШКІ** (22.12 – 20.01)  
Тауешкілерге суық түстер жақсы үйлеседі. Атап айтсақ: көк, көгілдір және сұр. Таңдаған киім үлгіңіз аталған түстерде болса, бет бояу, керісінше, жылы әрі қою түсті болғаны шарт.

**СУҚҰЙҒЫШ** (21.01 – 18.02)  
Суқұйғыш қыздар киім/аксессуарларға қарағанда, косметикаға аса көңіл бөледі. Суқұйғыштарға сарғылт-қоңыр түстер жақсы үйлеседі. Сол себепті, әр суқұйғыштың сәмкесінде міндетті түрде қою кофе түсті ерін далабы болу керек.

**БАЛЫҚТАР** (19.02 – 20.03)  
Балықтар осы айда жұртшылық назарының басты нысанына айналғалы тұр. Қоршаған сәнқойлар трендтің бастамасын сіздің үлгіңізге қарап, тани бастайды. Сол себепті, әрдайым жаңа үлгілерді іздестіре жүріңіз.

**НҰРАЙЫМ ЖАНАТ**

## Бет күтіміне арналған пайдалы кеңестер

Әдемі көріну үшін бет күтімі міндетті түрде қажет. Ал, бетіңіз таза әрі әдемі көрінуі үшін оның күтіміне жіті көңіл бөліп, пайдалы маскаларды қолданған дұрыс. Бет терісінің күтіміне немқұрайлық танытпау керек. Дүкен сөрелерінен сатылып алынған маска, кремдер бет терісінің үстіңгі эпидермис қабатына ғана сіңіп, беттің қысымына (тонус) жауап беретін астыңғы қабаттарына жетпей қалады. Сондықтан, сіздерге үй жағдайында жасауға болатын бет күтіміне арналған кеңестер ұсынамыз. Төмендегі маскалардың бет терісіне еш зияны жоқ. Тек, кешкілік 15-20 минут уақытыңызды бөлсеңіз жеткілікті. Құрғақ бет күтіміне арналған маска. Үй жағдайында жасауға қолайлы бұл масканың құрамы да тек табиғи өнімдерден тұратындықтан терісін ағартып, нәрлендіре түсіреді.



- 1-2 ш.қ жарма (овсянка)- скраб рөлін атқарады
- 2-3 ш.қ қою қаймақ-құрғақ теріні құнарландырады
- 0,5 ш.қ лимон сығындысы- бет терісін ағартады

Майлы теріге арналған маска. 2 ас қасық айранды 1 жұмыртқаның ақуызымен араластырып, 1 шай қасық бал қосыңыз. Қоспаны бетіңізге жағып, 15 минуттан кейін салқын сумен жуып тастаңыз.

Сонымен қатар, ашыған айранды бетіңізге жақсаңыз, майлы теріні жақсы тазартады.



Қазіргі экологиялық проблеманың салдарынан бетіміз жиі қабыршақтанып, құрғап, не майланып кетеді. Әсіресе, көктем, жаз айларында бетіміз ерекше күтімді талап етеді. Сондықтан, бетімізге арнайы күтім қажет. Бетті балғын күйде ұстайтын, нәрлендіретін, тек қана жеміс пен көкөністердің көмегімен жасалатын түрлі маскалардың әдістерімен таныс болыңыздар. Бет терісін ағартуға арналған маска. Қияр - ағартатын және сергітетін қасиетке ие. Бұл маска түрі де қарапайым – кішірек бір қиярды жуып, қабығын аршыңыз да майда үккіштен өткізіңіз. Дайын болған қоймалжынды, бет терісіне қалындап жағыңыз да 30 минутқа қалдырыңыз. Бетке жаққаннан соң терінің қатты тартылғанын сезінесіз бірақ қорқудың қажет жоқ. Масканы жуған соң, дымқыл орамалмен бетті жай сүрткіңіз де күнделікті жұмсартатын кремніңізді жағып қойыңыз.



Бет терісін тазартуға арналған маска. Бұл маска кез келген бет терісіне жағымды әсер етеді, бет терісін нәрлендіріп, тазартады. Бұл масканы дайындау үшін сізге жарты банан, алманың төрттен бір бөлігі және бал қажет болады. Алманың қабығын аршып майда үккіштен өткізіңіз, бананды да езіп, алмамен, балды араластырыңыз. Дайын қоймалжынды 15-20 минутқа жағып, салқын сумен шайып жіберіңіз.



ИНДИРА ЖҰМАГЕЛДІ

## 2018 ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМГІ – ЖАЗҒЫ МАУСЫМЫНДАҒЫ СӘН ҮЛГІЛЕРІ

Маусым ауысқан сайын сән де өзгереді. Тіпті сән тенденцияларының түрлерін санап бітпейсіз. Егер де көктемгі гардеробыңызды әлі де жаңартпасаңыз, биылғы жылдың көктемгі және жазғы сән үлгілері топтамасымен таныс болыңыздар.



**Тренд №1: Манжетті шалбарлар**  
Манжетті шалбарлар сәнді әрі еркін образ жасау үшін көмектеседі. Спорттық және биік өкшелі аяқ киіммен өте жақсы үйлеседі. Трендтегі мұндай жазғы шалбарлар жеңіл, жұмсақ матадан тігіліп, артық салмағыңызды жасыруға да көмектеспек. Бұл киім үлгісі заманауи және этникалық стильді ұнататын қыз-келіншектерге таптырмас амал.



### Тренд №2: Шілтері

2018 жылдың ең маңызды тренді – шілтер. Көздің жауын алатын матаның бұл үлгісі шабытқа шектеу қоймайды! Оны барлық киім үлгілеріне қосымша ретінде қолдануға болады. Одан тігілген киімдер жеңіл әрі сәнді. Егер сіз қыстың ауыр киімдерінен шаршасаңыз, бұл сіз үшін таптырмас амал.

**Тренд №3: Көлемді жапсырмалы қалта**  
Бүгінде киім үлгілерінде көлемді қалталардың болуы таңсық емес. Олар көбінесе сыртқы киімдерге үйлеседі. Әдемілік үшін ғана емес, қолданысқа да тиімді. Жаңа маусымдағы киім үлгілеріндегі қалтаның көптігінен гөрі, оның қандай екендігі маңызды. Дизайнерлер 2018 жылдың көктемгі – жазғы маусымына алмалы – салмалы үлкен қалталарды ұсынып отыр. Тағы бір маңызды аспект – қалтаның қолдануға ыңғайлы болуын ғана емес, жаңа әрі ерекше дизайнды болуын ескеріңіз.

### Тренд №4: Ұзын шашақ (бахрома)

Бахрама – богемдік немесе кантри (western) стилі. Ол міндетті түрде ұзын немесе өте ұзын болуы қажет. 2018 жылғы көктемгі және жазғы сән топтамаларын ұзын шашақты киім үлгілеріңіз елестету мүмкін емес. Сондықтан, түрлі кештерде өзгерлерден ерекшеленгіңіз келсе, көйлегіңізді бахрама стилінде таңдағаныңыз абзал.

### Тренд №5: Қауырсын (перья)

Егер гардеробыңызда бахрама стиліндегі киіміңіз болса, қауырсынды да орын табылады. Көбінесе, кешкілік көйлектерге тән, дегенмен, дизайнерлер кез-келген киіммен үйлестіріп киюге кеңес береді. Тек, асыра сілтпеп жібермесеңіз болғаны.

### Тренд №6: Кең жеңді

Осы маусымның тағы бір ерекшелігі – киім үлгілеріндегі жең түрлерінің көп болуы. Кез келген киімді, жеңінің фасоны арқылы айрықша өзгертуге болады. Кең жеңді киімдер сіздің өзгермейтін стиліңізді өзгертіп, кемшіліктеріңізді жасырады, не айқындайды. Сондықтан, бұл үлгіні таңдауда мұқият болыңыз.

### Тренд №7: Oversize( кең өлшемді)

Оверсайз киімдерінің сәнге айналғанына біраз уақыт болды. Алайда, оверсайз киімдері осы маусымда да жаңа топтамалар қатарында. Оның өлшемі сырт көзге үлкен болып көрінуі мүмкін. Сондықтан, барлық киімді кең қылып киюдің қажеті жоқ. Ондай жағдайда артық салмақты болып көрінесіз. Егер бойыңыз ұзын болса, киімді 3-4 көлемге үлкен алсаңыз болады. Көзге түспейтін түсті таңдап, аксессуарлар тақпағаныңыз абзал.



ЖАНАЙЫМ ҚУАНДЫҚ

# СТУДЕНТ МИССИЯСЫ

Бүгінде кез келген ортаға бару үшін белгілі бір киім кию этикасы, жазылмаған ережелер бар. Әсіресе, студенттер арасында, оқу-ғимараттарына байланысты өзіндік бір сән формасы сақталған. ЕҰУ студенттері, оның ішінде «ФСН», «АСФ», «Бас ғимараттарының» дресс-кодын зерттеп көрдім. Олай болса, құрметті оқырман, өзіңізбен бірге бақылап көрейік.



«Аустралия» материгі секілді басқа ғимараттардан бөлек орналасқан «ФСН» корпусының студенттері өздерін ешкім байқамайды деп ойлайтын сияқты. Бұл корпусның нақты «дресс-коды» бар деп айту қиын. Бір күннің ішінде студенттердің спорттық киімде, «casual», «suit» стилінде де көре аласыз. Өртүрлі көзқарастағы жандардың тоғысқан ортасы

десе де болады. Дегенмен, журналистика факультеті болғандықтан түрлі жаңашыл, батыл стильді киінгендерді көре аламыз. Мәселен, шаш түсін әр апта сайын өзгерту, өзгелер сияқты емес, басқа көкжиектен қарай білу, креативті түрде киімдерді үйлестіру де бұл корпусның студенттеріне тән екенін атап өткім келеді.



«Бас ғимараттың» студенттерін тек классикалық үлгідегі «business attire», «semi-formal» стилінде ғана көруге болады. Тіпті, студенттерге классикалық киім үлгісінен басқа ешбір стиль жараспайтын сияқты болып көрініп тұрады. Әсіресе, «Зан» факультетінің студенттері аптаның алты күнінде де костюм киеді. Оның құпиясы, бас ғимаратқа спорттық киіммен кіргізбейді екен. Ал сабаққа джинсы, жейдемен келу мұғалімді сыйламау, мәдениетсіздік көрсетумен тең. Дегенмен, бұл ережені қатты сынауға болмайды, университеттің бас корпусы бізге деген көзқарасты, стереотипті қалыптастырады. Толығымен «suit» стилінде киінудің өзі салмақты пікір тудырып, бас ғимарат атануына лайықты екенін сөзсіз жеткізеді.



«Үшбұрыш» мүсініне арналған мерекелік көйлектер Бұл мүсіндегі қыздардың иығына қарағанда бөксесі көлемдірек. Салмақ қосқан жағдайда да бөксесі жалпая түседі де, бөлі жіңішке боп көрінеді. Үшбұрыш мүсіндегі қыздарға ампи стиліндегі көйлектер жарасады. Корсетті көйлектер, кеуде тұсында сәнді өрнектері бар көйлектер, бел тұсында шашақтары, желбезектері бар көйлектер жарасады.



Жараспайды: етегінде желбезегі мен үлкен қалтасы бар көйлектер.

«Алма» мүсініне арналған мерекелік көйлектер

Алма мүсінді қыздардың бөксесі иығымен шамалас не кішкентай, аяқтары жіңішке, іші шығыңқы болады. бұл мүсіндегі қыздар толса, бірінші қарын тұсы дөңгеленіп шыға келеді.

Ампир стиліндегі көйлектер, денеге жабысып тұрмайтын ұзын көйлектер, алды ашық көйлектер әдемі жарасады. Жараспайды: денеге жабысып тұратын көйлектер, белдігі бар көйлектер.




АҚБОТА ТЕМІРҒАЛИЕВА

# МЕРЕКЕЛІК КЕШКЕ АРНАЛҒАН КӨЙЛЕКТІ МҮСІНІҢІЗГЕ ҚАРАЙ ТАҢДАҢЫЗ



Тойдың науқаны жақындап келеді. Туған-туыс, дос-жарандарыңыздың қуанышын бөлісіп, сол кешке киетін әдемі көйлек табу керек пе? Осы тұста кез келген қыз, кез келген келіншек әбден бас қатыратыны белгілі.




Дүкенде ілулі тұрған керемет көйлекті киіп көрсеңіз, жараспай шыға келетін жағдай көп кездеседі. Оның сыры көйлекті өз мүсініңіздің түріне қарай таңдалмауында. Сондықтан алдымен мүсініңіздің қай түрге жататынын анықтап алғаныңыз жөн.



Үшбұрыш, төртбұрыш, құмсағат, алма. «Құмсағат» мүсініне арналған мерекелік көйлектер. Мүсінің бұл түрі ең идеалды болып саналады. Иық пен бөксе көлемі бірдей, белі жіңішке боп келетін мұндай мүсіндегі әйелдер толса да, осы мүсінде қала береді. Себебі, бөксе мен иық, қол бірінші толады. Бұл мүсіндегі қыздарға футляр-көйлектер, годе көйлектер, белдігі бар көйлектер, корсетті көйлектер әдемі жарасады.



Жараспайды: мүсінді жасырып тұратын шашақтары бар көйлектер, ампир стиліндегі көйлектер, кең көйлектер. «Төртбұрыш» мүсініне арналған мерекелік көйлектер Иық пен бөксе бірдей, төсі кішкентай, белі де жуан болып келетін мүсін түрі. Бұл мүсіндегі қыздарға кеудесінде желбезектері бар, тіке кеткен көйлектер әдемі жарасады. Сонымен қатар етегі бүрмеленген көйлектер де әдемі үйлеседі. Жараспайды: мүсінге жабысып тұратын көйлектерден қашу керек.



Университетіміздегі жаңаданашылған «АСФ» корпусы авангардтық стиль әкелді деп нық сеніммен айта аламын. Бұл корпуста білім алатын архитектор, дизайн мамандықтарының студенттері стильге қатты назар аударады. Мәселен, қарапайым «casual» стилінде киініп, оған бір деталь (орамал, бандана, түрлі түсті шұлық, жарқын түсті аяқ-киім) қосу арқылы толығымен образын өзгертеді. Соңғы тенденциялардағы сән үлгілері бірінші сол жақтан бастау алатын секілді.



Қорытындылай келе, университетіміздің студенттері өзіндік талғам мен жеке дара стильді қалыптастыруға дайын екеніне көз жеткізуге болады. Стиль – сіздің ішкі жан-дүниеніңіздің көрінісі. Бұл миссияны - біз бүгінде сәтті орындадық деген сенімдемін.



АРУЖАН ДӘРІБАЙ

## ӘЛЕМДІК СӘН САЛАСЫНДА ЕСІМІ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН 3 СӘНГЕР

**Коко Шанель.** Сән саласының ардагері саналатын Коко, ғасырдан аса уақыт бұрын өмір сүрсе де, әлі күнге дейін сән сөзімен қатар келеді. Коконың ойлап тапқан ең алғашқы киімі – ескі свитерден жасалған көйлек еді. Ерекше көйлекке таңқалысқан жұрттың “Мұндай киімді қайдан алдыңыз?” деген сұрағына “Сізге де осындай жасап берейін” деп жауап қататын. Нағыз әйелдің бойынан табылатын кербездік те, тәкаппарлық та, сұлулық та, ісмерлік те Шанельдің шынайы бейнесін суреттеп тұрғандай. Оған ғашық жандардың арасында белгілі суретші Пабло Пикассо, атақты орыс сазгері Игорь Стравинский болды. 10 жыл бойы ғашықтық сезімін білдіріп жүрген герцог Вестминстерскийдің үйлену туралы ұсынысына Коко: “Герцогинялар көп, ал Шанель жалғыз” деп жауап берген.



Шанельдің тіккен киімдерінің ерекшелігі сол, киімнің жалтырағандығына емес, ыңғайлылығына аса мән берген. Осылайша, қарапайым жетім қыздың Коко Шанель болып қалыптасып, брендке айналуы әлемдік жаңа бір өзгеріс әкелді. Сән сөзінің әйелдермен ғана байланысты емес екенінің тікелей дәлелі – Карл Лагерфельд. Сосо Chanel брендин басқарушы сәнгер. Ол Шанель дүниеден өткеннен кейін, барлық компанияны өз қолына алып, оның одан әрі дамуына септігін тигізді. Лагерфельд талантты дизайнер ғана емес, дарынды режиссер, фотограф, әрі суретші. Оның сәнге деген қабілеті ерте жастан байқалған. Жастайынан бірнеше атақты сән үйлерінде қызмет атқарып, 1966 жылы алғашқы рет киім үлгілерін ұсына бастаған. Карлдың ең ғажап қабілеті бір уақытта бірнеше іспен айналысуында. Өйткені оның «қалған өмірім барлық идеяларымды жүзеге асыруға жетпей қалады ма» деген қорқынышы бар. Ол тіпті, жаңа басылған кітаптардың пісінен әтір жасап шығарған. Карл Лагерфельдтің қанмен дарыған дарыны қайталанбас ғажайыпқа баланды.

**Джорджио Армани.** XX ғасырдың басында сән саласына ер адамдардың қосқан үлесі мол болды. Ральф Лорен, Роберто Кавалли, Валентина Гавани, Кристиан Диор сынды сән саласының майталмандарын атауға болады. Солардың бірі – Джорджио Армани. Өнерлі адамды қай қырынан алып қарасаңыз да, өнерлі. Джорджио Армани тек қана әйгілі модельер емес, бизнестік қырымен де әлемге өзін паш еткен жандардың бірі. Ол кісі киімімен адамды таңғалдыруды, әрі сол киім арқылы өз кемшіліктерін жабуды да өте жақсы біледі. Армани бір сөзінде қазіргі заманғы жігіттердің сәнқойлығы өзін қуантатынын айтқан. Оның ойынша “Сән дегеніміз – өз заманынан бір қадам алда жүру”. Есімі әлемдік брендтің төрінде жүрген италияндық сәнгер Армани бала жастан бері шығармашылық жан болған. Театрға қызығушылық танытып, әрі сурет салып, қуыршақтарға өзі киімдер тіккен. Осындай бастау, оның болашақтағы ерлер киімінің нөмірі бірінші дизайнер болуына үлкен серпін болды.



ГҮЛБАРАМ ҚҰРАҚ



## ҮНДІ АРУЛАРЫНАН БІР ҮЗІК СЫР

Үнді қыздарының келбеттеріне тамсанып, сұлулығына сүйсінбеген адам жоқ шығар, сірә. Жібектей жылтыраған қолаң шаш, балғындай үлбіреген тері, әйел нәзіктігі, бәрі де үйлесім тапқан үнді аруларының сұлулық құпиясы неде екен?

Үнді әйелінің күтімі – анасының қызына кішкентай кезінен үйрететін ғибадаттарының бірі.



Олардың үнемі жасарып, жанарып жүрулерінің алғашқы құпиясы – «сұлулық рәсімінде». Олар күтінуді 25-30 жастарында бастамайды және табиғи, таза күтінуді дұрыс деп есептейді. Сәйкесінше, бала кездерінен тұрақты түрде әрі ұзақ уақыт бойына қалыптасқан өзіндік күтіну қағидалары бар. Мәселен, біздегі тіс тазалау дағдысы сияқты. Екінші құпия – табиғи майлар. Олар, кокос майы, жаңғақ майы, куркума, шикакай, роза жапырағы, лимон шырыны сияқты таза өнімдерді ғана қолданады.

Үшінші құпия – аюрведа. Бұл олардың сұлулық ғылымы. Онда бет терісінің түсін анықтаудан бастап, тамақтану рационалына дейінгі құпиялардың бәрі бар.



Ал, енді сіз бен біздің күтімімізге қолайлы, қарапайым құпиялармен бөлісейік:

- Үнді қыздары беттерін жуарда сабынды көпіршітіп алып, оған бір шым-шым қант қосып, беттерін біраз уқалайды екен. Содан соң жылы сумен жүздерін шаяды. Сонда жүздері бал-бұл жайнап, беттерінде безуе болмайтын көрінеді.
- Бір жарым ас қасық қантқа жарты ас қасық су қосып, ақырын отқа қою керек. Қоспа қатай бастағанда оттан алып, көпіршіп араласқан жұмыртқаның сарысын қосады. Бір минутқа тағы да отқа қойып алып, бір шай қасық лимон шырынын қосу қажет. Бұндай қоспамен үнді қыздары беттерін тазартады. Әсіресе, бұл құрғақ бетке таптырмас тазартқыш бола алады.
- Сондай-ақ, үнді қыздары көкөніс қайнатқан суды төгіп тастамайды. Әсіресе орамжапырақ, бұршақ, шпинат қайнаған суды міндетті түрде бет жууға пайдаланады. Өйткені, бұл суларда дәрумендер аса көп. Тағы бір айта кететін жайт, бұл суларды көп сақтамай, дереу пайдаланған жөн. Ұзақ тұрып қалса құрамындағы дәрумендер жойылып, бет үшін емдік пайдасы болмай қалады.

АҚЕРКЕ БЕРДЕНБЕКҚЫЗЫ

## ХИДЖАБТАҒЫ АРУЛАР

Қыз баланың шашын көрсетпеуі ежелден келе жатқан дәстүр. Бұл бір жағынан, тазалықтың белгісі болса, екінші жағынан мұсылман әйелдеріне парыз етілген. Кезінде орамалдың орнына тұрмыс құрмаған қыздар бөрік немесе тақиялар киген. Бертін келе ислам дінінің қоғамдағы орнына қарай, нәзік жандылардың көбі арнайы мұсылмандық хиджабтар мен орамалдар тағатын болған. Әртүрлі, көздің жауын алатын шарфтар мен орамалдарды кез келген жерден ала аласыз, тек үйлестіріп таға алсаңыз болғаны.



Сонымен қатар, арнайы ұзын етектегі, заманауи стильге сай көйлектер де сәнге айналған. Мұндай көйлектер күнделікті тұрмыста да ыңғайлы болып келеді. Қазіргі таңда арнайы той көйлегін осындай үлгіде тіктіру де сәнге енген. Хиджаб тәрізді фатаның сыртынан арнайы таспен безендірілген тәж кисеңіз нағыз ханшайым болып шыға келесіз.



Әрбір сұлу әдемі болып жүруге лайықты. Оны алыстан іздемей-ақ, басыңыздағы қарапайым орамалды әдемілеп таға алсаңыз да жеткілікті. Ол сіздің әйел заты екеніңіздің ең үлкен көрсеткіші болмақ. Сондықтан да, басыңыздағы орамалыңызды алтын тәжіңіздей көріңіз.

ӘСЕМГҮЛ КАЛИЛАЕВА



## Әйел – ер адамның көзімен



Мыңдаған жылдар бойы әйел затын тек бір сұрақ ойландырып келеді. “Ер азаматтың қалаулысы қалай болуға болады?” немесе “Тартымды әйел қандай болады және тартымдылықты қалай үйренуге болады?”. Бұл айтылған мәселе туралы шексіз айтуға немесе бәстесуге болады. Кейбіреулері: “Нағыз тартымды әйел болу мүмкін емес, әр әйелдің өзіне тән мінез-құлқы, тартымдылығы болады”-дейді. Ал бұл тартысты мәселе ер адамдардың көзімен қалай болады екен? Бірге талқылайық...

Әйел адам тек өзі қосылған адаммен ғана бақытты болуы керек. Сіз көп байқайтын боларсыз, қарапайым, сыртқы келбеті әдемі қыз әрқашанда ер адамдардың көңілінен орын табады. Мысалы: Шығыстың жігіттері болашақ жарының текті жерден шыққанын қалайды. Олардың түсінігінде текті жерден қыз алу,

тартымды әйелді табумен бірдей. Ал кейбіреулері үшін ең басты құндылық ол – ер адамға деген құрмет, ер адамды тындау, отбасына адал болу, аналық міндеттерін жақсы орындау. Ал батыстың жігіттері әйел адамның бойынан мақсатына деген айқындылық, өз-өзіне сенімділік және білімділік сияқты қасиеттерді іздейді.

Көптеген ерлер ең алдымен әйел затының сыртқы келбетіне, содан кейін барып ішкі жан дүниесі мен мінез-құлқына мән береді. Ер азаматтар арасында осы мәселе туралы біраз сұрақтар мен жауаптар қозғалған болатын. Олар, әрқайсысы, арманындағы тартымды әйелді өз ойларынша жеткізді. Сонымен: 1.Әдемілік – келісіңіз, бет пішіні әдемі келген, ұзын шашты, қарақат көзді, бұраң белді, қиғаш қасты қыз әркімнің де көңілінен шығатыны анық. 2.Білімділік – әрқашан қиыншылық болғанда қасынан та-

былатын, ақылшысы бола алатын, жақсы ақыл кеңес беруші қай ердің болсын арманы болар. 3.Киіну үлгісі – “адам көркі-шүберек” демекші ер адамдар әйел адамның жақсы киінгенін қалайды. Қатты көңіл аударарлық, ашық-шашық болмауы керек деген ойда біраз жігіттер. 4.Көңілді болу – ер адамдар әрқашанда әдемі, көрікті қыздарды есте сақтамаса да, көңілді қыздар көп уақыт жігіттердің есінде қалады. Сондықтан барша қыздар құлақтарыңызға алтын сырға, күлімдеп жүріңіздер. 5.Төзімділік – жігіттерге ұнайтын құндылықтардың бірі. Әйел заты қоршаған ортада болып жатқан жайттарға еш мойымау керек. Басқа түскен қиындықтан құтылып шығу немесе бірбеткей болу жігіттер қауымына ұнайды.

**ЗЕРЛЕН ЕРКІНБЕК**



sa

sabyrzhanyrin



## Отандық өнім сұранысты ҚАНАҒАТТАНДЫРА АЛА МА?

Әлемді қайдам, Қазақстандық қыздардың арасында «жігіттерге киіну оңай, шашын қайырып, шалбар мен жейде кие салса болды» деген таптаурын бар. Бірақ... Ер азаматтардың да талғаммен киіне білгенін қалап тұрамыз. «Ал бұрын-соңды қазақ жігіттердің бастан-аяқ отандық өніммен киінуіне мүмкіндік бар ма?» – деген сұраққа ойланып көріп пе едіңіз?

Бағамдап көрейік.

Әрине, киімге келгенде Қазақстандық брендтер жетерлік. Атап айтқанда, «Берік Ысмаилов», «Aida KaumeNOVA», «JADO» сынды әлемге танымал дизайнерлер де ер адамдарға арнап киім тігеді. Тіпті, көпшілікке танымал болмаса да, өзіндік бизнеспен айналысып жүргендер де бар. Мысалы, естеріңізде болса, Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің бірнеше жыл бойы Айжан Нұрланова атты отандық дизайнер тіккен костюмдерін киіп жүргенін мақтанышпен айтқан болатын.



Классикалық киімдерден бөлек, күнделікті киюге ыңғайлы киімдер топтамасын «SA» Сабыржан Айрин сән үйінен таба аласыз. Тіпті, ел арасында әнші Қайрат Нұртастың «KN», «Тоқсан бір» тобының «QGshop» деп аталатын бренді де аса танымалдыққа ие.



Қазақстанда аяқ киім өндірісі де артта қалмаған. Табиғи және жасанды теріден тігілген сәнді аяқ киімдерді «ТаразКожОбувь» компаниясы өндіреді. Қазақы нақышта тігілген «Жанат Бақыт сән үйінің» аяқ киімдері де көпшілікке белгілі. Ер адамдардың киген киіміне орайластырып әшекей тандай білуі де үлкен өнер. Олардың галстугының, сағатының, тіпті портмөнесінің де киген киімімен жарасымдылығы қыздардың қырағы көздерінен тыс қалған емес. Ер адамдар әшекейлерін шығаратын компаниялар көп болмаса да бар. Алғашында әмиян және қаламымен танылған «Арғымақ», қазіргі таңда ұлттық нақышта тігілген галстуктерімен таң қалдырып жүр. Ал «Тұмар» брендінің сағаттарын тағудың өзі сізді талғампаз жігіттердің қатарына «автоматты түрде» өткізіп жіберетін секілді.



Ал, ерлерге арнап шұлық өндіретін Қарағанды облысында «Тэгам» деп аталатын фирма бар. Міне, тізбелей берсең көп-ақ. Бастан-аяқ отандық өніммен киінуге мүмкіндігіңіз бар. Сөреңіздегі Түркия, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінде өндірілетін киімдеріңізді «Made in KZ» деген жазуы бар киімдерге алмастырып көріңізші. Тым құрығанда, «ел экономикасына пайдам тиюде»- деп айтып жүре алатын боласыз. Отандық өнімді жетімсіретпейік.



ШЫНАР ЖҰМАСАТ



## ӘЖЕМНІҢ АЛТЫН САНДЫҒЫНАН...

«Әже» десе, ойымызға ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың «Ақ кимешек көрінсе...» атты өлеңіндегі әже бейнесі оралары сөзсіз. Тіпті «әже» деген атау ол кісіге дүние есігін ашқан сәттен берілетіндей көрінеді. Бұл атауды ақ жаулықпен, ақ кимешекпен, оюлы қамзолмен, қолындағы асыл тасты білезікпен байланыстырамыз. Қызық... Құдды бұл бұйымдарды жастық шағынан бері киіп жүргендей... Ал, ойлансақарасак, қазіргі күннің әжелерінің де жалынды жастық шағы, өзіндік сән әлемі, стилі болғандығынаңғаруға болады. Ұлы Отан соғысынан кейін дүниеге келген менің ақ әжем де жас күнінен өзіне тән шаш және киім үлгісін қалыптастыра білген екен. Арнайы мақала үшін әжемнің архивтерінен сол замандағы сән үлгісінен хабар берерлік дүниелер тапқандаймын. 1980 жылдардағы сән үлгісіне назар салсақ, бүгінгі күндегі сәнге еніп жатқан жазғы көйлектерден еш айырмашылығы жоқ екен. Мұндай көйлектер ешқашан өзіндік орнын жоғалта қоймасы анық. Ыңғайлы әрі сәнді. Нағыз қазақ қызына тән стиль деп ойлаймын.

Ал, фигурасы немесе пиджагы бар сарафан сол жылдары брендке айналған екен. Өзі жылы әрі ыңғайлы бұл стиль түрін бүгінгі күннің ұстаздарынан, оқытушыларынан көруге болады.



Ал, сіз 1970 жылдағы сәнді шаш үлгілерін білесіз бе? Ол жылдары нәзік жандылар шаш үлгісіне ерекше мән берген. Жарасымды әрі ерекше стиль қалыптастыра білген.



Иә, бүгінгі күнде де осындай әдемі үлгіні кей қыздардан кездестіріп жатамыз. Бірақ, ХХІ ғасырдың қыздары қолаң шаш, қиғаш қас болғанын қаламайтын сияқты... Заман ағымы әр қилы.



Бүгінде қоңыр күздің кара суығында немесе аязды қыста әдемі бас орамалдың да сәнге айналғанын байқаймыз. Егер әдемі жарасым тауып тұрған болса, неге тақпасқа?

Меніңше, заман ағымы қайда бұрса да, шаш және киім үлгісі ешқашан өз маңызын, ерекшелігін жоғалтпасы анық. Қанша уақыт өтсе де, сән үлгілері жыл мезгілдері іспетті айналып келеді.

АРУЖАН ӘЛКЕН

Меніңше кез келген қыз бала я әйел адам шашына өзгерістер енгізгенді, шашына түрлі эксперименттер жасағанды ұнатады. Алайда, «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген халық мақалын жадымызда ұстағанымыз абзал.

